

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
КОМИТЕТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КОМИТЕТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫ
Астана қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
город Астана

Уақытша санитариялық шараларды енгізу туралы

Мен, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Бейсенова Сархат Сағынтайқызы, ұсынылған мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру материалдарын және (немесе) нәтижелерін: «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК-ның Ақтөбе облысы және Қостанай облысы бойынша филиалдарының: 2025 жылғы 18 қыркүйектегі № 2250001215657009, 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 2250001215704569, 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 2250001215704624, 2025 жылғы 8 қазандағы № 2250001215809368, 2025 жылғы 8 қазандағы № 2250000005684382, 2025 жылғы 8 қазандағы № 2250001215669617, 2025 жылғы 26 қарашадағы № 2250001216179491, 2025 жылғы 27 қарашадағы № 2250000006130773, 2025 жылғы 27 қарашадағы № 2250001216197428, 2025 жылғы 28 қарашадағы № 2250001216266826 тамақ өнімдерінің үлгілерін зерттеу хаттамаларын, Еуразиялық экономикалық комиссияның Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер аумағында қазақстандық өндірушілердің жалған шай өнімдерінің сатылуы туралы ақпаратын қарап, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бақылау мақсатында сатып алу нәтижелері бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, Кеден одағының «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» (021/2011 КО ТР), «Тағамдық қоспалардың, хош иістендіргіштердің және технологиялық қосалқы құралдардың қауіпсіздігі талаптары» (029/2012 КО ТР), «Тамақ өнімдерін қаптамалау бөлігінде» (022/2011 КО ТР) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін шайдың әкеліну және сатылу фактілерінің, шайдың тұтыну қаптамасында көрсетілген өндіріс объектілерінің болмау, өнімнің таңбалауына қойылатын тапалаптарды бұзу болып табылатын, құрамында шайда пайдалануға жол берілмейтін тағамдық

бояғыштардың (сары «күннің батуы» (E110), тартазин (E102), понсо 4R (E124)) болу фактілерінің анықталғанын **белгіледім**.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V ҚРЗ Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 56 және 57-баптарына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін шайдың мынадай сұрыптары мен атауларын әкелуге және сатуға тыйым салынсын:

1) «Апамның шәйі Premium gold» түйіршіктелген қара шайы, «Orda Trade Astana» ЖШС қаптамалаған, Қазақстан Республикасы Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Достық көшесі, 4 Г;

2) «Al-Nayat» Golg қоспалары бар қара шайы, өндірушісі «Empire KENIY E.P.Z. Limited», Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Көкөзек ауылы, 751/2 учаскесі;

3) «БАЛҚИЯ Premium gold» түйіршіктелген қара шайы, «Аль-Хадия» ЖК қаптамалаған, Қазақстан Республикасы Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Дүйсенов көшесі, 25;

4) «Pakistan tea» түйіршіктелген қара шайы, өндірушісі «Real Trade Astana» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 27;

5) «Alfarah» түйіршіктелген қара шай, өндірушісі көрсетілмеген;

6) «Aje Onim» түйіршіктелген қара шайы, өндірушісі «Орда Чай» ЖК, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Кальций» ЖШС тапсырысы бойынша;

7) «Орда Кения» қара шайы, өндірушісі және қаптамалаушысы «Orda Trade Astana» ЖШС, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Достық көшесі, 4 Г;

8) «Аль-Кайрат шәйі Premium gold» түйіршіктелген қара шайы, өндірушісі «Orda Trade Astana» ЖШС, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Достық көшесі, 4 Г;

9) «Al-Jannat Premium» түйіршіктелген қара шайы. «Ferdaus» ЖШС өлшеп-орап, қаптамалаған, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Дүйсенов көшесі, 25/159;

10) «Sultan Suleyman» түйіршіктелген қара шайы, өндірушісі «Real Trade Astana» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 27.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің (бұдан әрі - Комитет) Техникалық регламенттердің талаптарын сақтауды бақылау басқармасы:

1) осы қаулыны Комитеттің сайтында жарияласын;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының мүдделі уәкілетті мемлекеттік органдарының және Қазақстан Республикасының «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасына жеткізсін;

3) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына және Еуразиялық экономикалық комиссияға Қазақстан Республикасының аумағында уақытша санитариялық шаралардың енгізілуі туралы ақпарат жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау төрағаның жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері**

С. Бейсенова

Согласовано

30.12.2025 13:06 Садубаева Айгерм Набиевна

30.12.2025 14:21 Ширинбекова Рита Абдукасымовна

30.12.2025 14:53 Естекова Гульмира Абдигалиевна

30.12.2025 15:20 Садвакасов Нуркан Олжабаевич

30.12.2025 16:11 Сейтмагамбетова Шаукиш Аманжоловна

Подписано

30.12.2025 18:35 Бейсенова Сархат Сагинтаевна

